

84/5К93-
ЧБСТ) 6
С 31



САФЫНГАЛИ СЕЙТОВ

ТӨЛТУМА



САҒЫНҒАЛИ СЕЙІТОВ

ТӨЛТУМА



ӘЛЕҢДЕР

**«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,
Алматы — 1980**

Каз 2
С 31

Сейітов Сағынғали.

С 31 Төлтума: Өлеңдер. — Алматы: Жазуши, — 1980. 144 бет.

Белгілі ақын Сағынғали Сейітовтың жаңа жинағына енген жырларына азаматтық асқақ сарын, өмір құбылыстарына көзқарастың, кеңдігі, ой мен сезімнің тереңдігі тән. Кітапта бүгінгі дәуір тынысын білдіретін және совет адамдарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақсан ерлігі мен қаһармандағын мадактайтын шығармалар бар.

Каз2

С **70700—114**
402(05)—80 121—80 4702230200

© «ЖАЗУШЫ» — 1980



АССАЛАУМАҒАЛЕЙҚҮМ,— 80!

Сексенбісің?

Ассалау мағалейкүм!

Аманда спас сенімен жағалай кім?

Төрлет досым!

Колды әкел!

Біз бір Елміз

Өз басынды ерекше бағалайтын.

**Сексенбісің? Серке серт серпілетін,
Еңбек күйін нәшіне келтіretіn.**

Сексенбісің?

**Сыңғырлап сырбаз сазы
Сұңқылдаса сан тілде шертіletіn.**



АССАЛАУМАҒАЛЕЙҚҮМ,— 80!

Сексенбісің?

Ассалаумагалейкүм!

Амандаспас сенімен жағалай кім?

Төрлет досым!

Қолды әкел!

Біз бір Елміз

Өз басыңды ерекше бағалайтын.

Сексенбісің? Серке серт серпілетін,

Еңбек күйін нәшіне келтіретін.

Сексенбісің?

Сыңғырлап сырбаз сазы

Сұңқылдаса сан тілде шертілетін.

Ақ кіреуке атлас таңың қандай!
Әппақ нұрға айналаң малынғандай.
Сенің сұлу сындарлы сымбатың
Тәкаппар тау таңырқап, табынғандай.

Таңдан тудым туасы таң құмармын,
Таңшылдыққа бірімін хақы бардың.
Торғын таңың авторы — өз заманым
Берген маған қанатын қарқуардың.

Сексен!

Күллі әлемге көзің тастап,
Қарайсың сен заңғардан, кезің асқақ.
Жол басындаі келдің бе бұл ғасырдың
Соңғы жиырма жылдың көшін бастап.

Қонақ емес, кеншісің, бақташысың,
Болатшысың, диқансың, макташысың.
Енші бөліп беретін иғіліктен,
Жақсылықтың жанашыр жақтасысың.

Ортаймайды мұхиттай берекеміз,
Ленин елі — іргелі ел екенбіз.
Күн көсемнің жұлдызды жұз он жасы —
Біздің бүкілхалықтық мерекеміз.

Философша әркімді ойлатасың,
Терең толғам түбіне бойлатасың.
Бір тойым бар; аты оның — Ұлы Жеңіс!
Қызықтатып сен соны тойлатаңың.

Қалай бүгем бір сырды ойымдағы,
Асылымдай арылмас бойымдағы.
Төраға да боласың тойаға да,
Алпыстағы аймағым тойындағы!

Серпіл, сексен!

Еркіндең ел арала,
Бөгдесініп, бөгелме шекарада.
Бейбіт шақта баршаға бақыт сыйлап,
Парасатты перзент бол жер-анаңа!

СЕНИҢ АРҚАҢ

Отан аты — Октябрьде табылған,
Отан оты — Октябрьде жағылған.

Отан атын тапқан дана — Ленин,
Отан отын жаққан дана — Ленин.

Көсем қолы созып алға сермеген,
Кереметтей кеңістікке өрлеген.

Сол қалпында бағыт сілтеп тұр әлі,
Халықтардың жүрегінде — тұрағы.

Ол тұрады ғасырлардың үстінде,
Мезгеушісі ойдың, қымыл, істің де.

Орнап орда, керілгенде кереге,
Бостандықтың бал нұрына кенеле, —

Қалың қауым жадырасты жамырап,
Шаңқан шақта көтерілді шаңырақ.

Октябрім, рахмет жаусын саған мың!
Ең алғашқы сәулетшісі заманның!

Ең алғашқы жұмысшы да Өзіңсің!
Ең алғашқы құрылышы да Өзіңсің!

Сенің шұғылаң шапақтаған қайда да,
Елдің гербін апардың сен, Айға да!

Айтарымды айтсам егер қысқартып,
Бәрі — Сенен, бәрі сенің стартың:

**Дән де — Сенен миллиард бол өнетін,
Нәр де — Сенен өмірге ұрық себетін.**

**Гүл де — Сенен бағымызда солмайтын,
Үн де — Сенен дос-жаранға жолдайтын.**

**Октябрім, қымбатсың сен соғұрлым,
Сенсің ең бір жасампаз да ғұмырлы.**

**Жолың ұзақ, айқын мұрат — мақсатың,
Адамзатқа абзал, ардақ жақсы атың.**

ДӘУІР ДАСТАНЫ

Мен өлеңде құштар емен цифра,
Сенсем дағы цифрдағы сиқырға.

Бірақ бүгін ұлы ерлік кезінен,
Мың тоғыз жұз елу төрттің өзінен —

Сөз тиегін ағытуды жөн көрем,
Киял серік қаламыма дем берем.

Елу төрт — ол тұнба тыңың төлбасы,
Өр көңіл мен ордалы ойдың олжасы.

Октябрьдің ағындаған арнасы,
Қаһармандық қымылдардың жалғасы.

Көтерілген тың — алыштар аскары,
Бір дәуірдің данышпандық дастаны.

Ойхой, дала! Ойхой ақпан, февраль,
Алай-дүлей бораны бар, желі бар.

Бет бақтырмас ызырыры ысқырып,
Қызыл шұнақ аязы бар үскірік.

Жапанда не? Жалғыз қыстау мықтаса,
Пана болмас селдір бұта ықтасаң?

Ең абзалы — бар нақ өзі ғажаптың;
Досқа ыстық пейілі бар қазақтың.

Даладай кең құшағы бар қазақтың,
Оты сөнбес ошагы бар қазақтың.

Бар: лаулаған жүректердің алауы,
Қар жанбай ма табылғанда қалауы?

Тыңжершілер лек-легімен қаптады,
Мейманға ұсап вагондарда жатпады.

Белді, ояты солқылдатып маңайды,
Денді, ояты марғаулықтан талайғы.

Жас қайратын телегейлей тастыра,
Қанат жайды «Ленинград», «Москва».

Миллиондардың білектері үштасты,
Миллиондардың жүректері үштасты.

Нендей жайды аңғармаққа ынтықсыз?
Бұл далада зеңбірексіз, мылтықсыз —

Қызды шайқас, қызды майдан ғаламат,
Атқа қонды барша арлы азамат.

Жер тұледі, барқын бетін дән жапты,
Ел тұледі, жаңғыртты да жан-жақты.

...Миллиардтармен кенелтті де Отанды,
Қазақстан жомарт аймақ атанды.

Бақ-талап та, береке де осында,
Салтанат та, мереке де осында.

Адамдардың жайсаңы да осында,
Қажырлысы, қайсары да осында.

Бірліктердің бекемі де осында,
Бауырластар мекені де осында.

Бір дәуірдің тың дастанын, жан қия,
Жазып шықты халық пенен партия!

Алмасады бүгінгі үрпақ, ендігі,
Жалғасады тыңжершілер ерлігі!

РИЗАМЫЗ!

Ел де, жер де түлеп тағы жасарды,
Салтымыз сол, қалпымыз сол қашанғы.
Біз сөйлесек жүрек сөзін сөйлейміз,
Біз адамыз мінездерден жасанды.

Біз күштіміз, келбеттіміз, кемелміз.
Ақылға да, дарынға да кененбіз.
Заңғармыз дәл замананың өзіндей,
Замананың дәл өзіндей тереңбіз.

Жұмыскер жыл! Ризамыз біз саған,
Бар жігерін жақсылыққа жұмсаған.
Ризамыз сыйларыңа соқталы,
Мейіріңе молыққанға мұнша адам!

Жасампаздық майданында қосқан бас,
Біздің әрбір минутымыз бос болмас.
Сергітетін серігіміз әманда:
Тиімділік, Сапа дейтін қос жолдас!

Кенде емеспіз бақыт пenen ырыстан,
Ләzzат таптық төккен терден, жұмыстан.
Жаһан жұртын жалт қаратып жеңісі,
Биыл тағы таңырқатты Тыңстан!

Ері жайсаң, жері жомарт береген,
Қазақстан қашан пейіл тежеген:
Басып түсті таразының тең басын,
Асып түсті миллиард дейтін межеден!

Қазақ жері қыруар құттан құралған,
Қазақ жері арылмаған құнардан.

**Аяқ бассаң тұнған байлық тузырап, ,
Кәдемізге жаратуға құмарлан!**

**Біз әлі де дәulet көзін табамыз,
Біз әлі де жаңа жүлдyz жағамыз.
Біз әлі де кеңістікте кесіліп,
Біз әлі де шыңнан дабыл қағамыз.**

**Біз әлі де зәулімдерге самғаймыз,
Қысқа жолды ұзартамыз, жалғаймыз.
Жан жалынын, жүрек отын маздаған,
Советстан, саған ғана арнаймыз!**

**Келе жатыр ардақ шағың — алпысың,
Келе жатыр толықсыған талтүсің.
Өркені өскен Октябрьдің Отаны
Планетаның құні болып шалқысын!**

ТЫҢЖЕРШІЛЕР

Тың көтергендер —
Күн көтергендер.
Саусағынан таң нұрын
Таратқандар, олар өз тағдырын
Аузына қаратқандар.

Тыңжершілер,
Кіл көршілер,
Тусыраған жапанды
Тұңғыш ту ұстағандар.
Тың дейтүғын жаһанда
Прометейше от уыстағандар.

Мұндағылар,
Тыңдағылар —
Әке де, бала да,
Шетінен қаһармандар.
Ақ селеулі далаға
Береке, мереке апарғандар.

Мұндағылар,
Тыңдағылар —
Бір кісінің баласындай,
Қолының ашықтығы,
Мейманға машықтығы,
Қазақтың даласындай.

Мадактаймыз біз кімді?
Планетаны жүз тілді!
Сен оны іздеп кел
Қыс — қыырдан, жаз — алыстан.
Аты оның —
Жұлдызы жоғары Қазақстан!

СҮЙІНШІ!

Күмбір-күмбір сөйле,
Бұлбұл көмейім,
Алшы тұрды алтын сақа, кенейім.
Миллиард дейтін Алып келді дүниеге,
Аспандатып республика мерейін.

Дарқан дала — анасы сол Алыптың,
Қайратынан туды еңбеккер халықтың.
Дәнстанда өсіп-өніп, бойына
Жиды нәрін жылу менен жарықтың.

Тәмам жұртты тастайтүғын қарық қып,
Нан барында неден сірә, тарықтық?
Шіркін, астық!

Не ықылым заманнан
Сенің жөнің бір бөлек-ау, жарықтық!

Уа, әлеумет!

Тойда пейіл, сыңайың,
Ортадағы бір мінбеге шығайын.
Женсінді жариялад жаһанға,
Сүйіншің сүйіншің сұрайын.

Қазақ жері сақильтықта — саңлағым,
Қасиетінді әлде қашан аңадым.
Қайқандамай көтереді жер-ана,
Өзі тапқан миллиардтың салмағын!

Дес берместен қылыштың қыныға,
Бітік егін бой көтерді былда.
Нән «Нивалар» жорық тартып жөндарда,
Маржан таулар тізілісті қырда.

Байтақ өлкем, байсың,
зәулім, зор тұлғаң,
Миллиард — сенің ең қадірлі қолтумаң,
Пешенеңе біткен бақыт ол сенің,
Несібенің несиесін толтырған.

Думандатқан шақта дүбір-дүрмекті,
Кімге айрықша алғыс айту міндетті.
Саған, саған, егінші дос, еренім!
Өр сенікі, төр сенікі құрметті!

Ежелден-ақ жер — мекенің саялы,
Сенің оған алақаның аялы.
Жерді жебеу, бәйге атындај жарату,
Сенің ғана борышыңа саяды.

Қуанғаннан жүрек сыймай қабына,
Өлеңдettім ағымнан бір жарыла.
Сүйіншіге сұрайтыным: қайталап,
Келер жылы миллиард бер тағы да!

МОСКВА

Ұлылықта кім бар саған-барабар!
Ерлігінді планета бағалар.

Одақтасы, ұрандасы уақыттың,
Бас қаласы Бостандықтың, Бақыттың.

Москвамың, сенсің қала — қаһарман,
Сұсты шақта сауыт кидің қаһардан.

Жадымда әлі жалын тұтқан қырық бір,
Жалаңдаған жау тұзағын құрып тұр...

Жастайымнан қадірінді білген мен,
Жатқам сонда окоп қазып іргеңнен.

Орыс жатқан, қазақ жатқан қаз-қатар,
Қатар ұшқан оғымыз да жауға атар.

Өңмендеген дүшпан жолын бөгедік,
Шабуылда шеру тартып жөнедік.

Солдат болып тапжылмадың, касқардың,
Маршал болып майдандарды басқардың.

Зердемде әлі декабрьдің ақ таңы,
Шапақ шашып жеңіс таңы атқаны.

Зердемде әлі еңсөн биік тұрғаны,
Қанкорларды қансырата ұрғаның!

Сенің атың түспей адам аузынан,
Сенің атың түспей жаһан аузынан.

Сағатына сан аталды — Москва!
Женімпаз бол жаратылды — Москва!

Саған деген мархабатта өлшеу жок,
Саған деген махаббатта өлшеу жок.

КЕМЕЛ ЕЛДІҢ КЕМЕЛ ЗАҢЫ

Кемел елдің кемел заңы,
Кенен елдің кенен заңы.
Адамының ерен бағы,
Асқақ ойы, терең жаңы.

Заң бітімі асыл, бөлек,
Ол — өмірдің Бас кітабы.
Ол — бәйтерек,
жасыл желек,
Мәңгі солмас жас бұтағы.

Әрбір әрпі Әділдіктің
Дәл өзінен құйылғандай.
Жүргіммен бәрін ұқтым,
Таттым тәтті сыйын балдай.

Адам қамы — ойлайтыны,
Заман қамы — ойлайтыны.
Сол себепті оның дәйім
Болашаққа бойлайтыны.

Әлемге аян, ұлы елім,
Күзің қандай,
жазың қандай.
Отан Заңы Лениннің
Өз қолымен жазылғандай.

Жауап дайын сұрағанға:
Міндетің де, правоң да
Келбетіңде жарқырап тұр,
Ұқсап бейне рауанға.

Сол советтік салтым, санам,
Білем Заңың паркы қандай,
Қамкор бар ма, халқым, саған,
Дәл лениншіл партияңдай.

Кемел елдің заңы кемел,
Шаңқай түстей шағы кемел.
Адамының бағы кемел,
Азаматтық ары кемел.

КОММУНИСТЕР КЕЦЕСІ КРЕМЛЬДЕ

Өте жақсы басталды жыл биылғы,
Бір қырырга жалғадық бір қыырды.
Лениншілдер съезі лебізінен
Көкірекке көл-көсір нұр құйылды.

Коммунистер кеңесті Кремльде.
Өте жақсы!

Отанның реңінде
Қан тулады Қелешек тамырынан,
Тарамдалып тараған күллі өмірге.

Сол съездің мінбесі неткен биік!
Жанарина жер-жаһан кеткен сыйып!
Өте жақсы!

Шешендер сөйлегенде,
Аймалады апрель беттен сүйіп.

Бесжылдығым! Бақытқа баспалдағым,
Әр сатысы адамның ашқан бағын.
Өте жақсы!

Ол — заңы заманымның,
Қастерлейтін, сүйетін жастан жаным.

Айтқаныңды, Партия, парықтадым,
Менің әбден ұққаным, қаныққаным.
Планетада басқа бір партия жоқ,
Дәл Өзіңдей ойлайтын халық қамын!

Өте жақсы! Сен барсың бағымызға,
Сен өлшеусің ождан мен арымызға.
Бір өзіңсің өмірдің Бас Ұстазы,
Салтың сіңген әуелден қанымызға.

Сен сөйлейсің Лениннің өзіндегі бол,
Мәңгілікті көретін көзіндегі бол.
Сенің сезің әлемге естіледі,
Оның бүгін айтылған сөзіндегі бол.

Қадамыңнан күт қаулап, ырыс өнген,
Бағыттайсың кемені құрыш қолмен.
Өте жақсы: Партия, өзің бастап,
Дұрыс жолмен келеміз, дұрыс жолмен!

АРМЫСЫҢДАР, ЛЕНИНШІЛДЕР ЛЕКТЕГІ

Октябрьді өз көзімен көргендер,
Дауылдарда Ленинге ергендер,
Армысыңдар, айқастарда атойлап,
Жаңа дүние жауын жаншып, жеңгендер.

Армысыңдар, өңкей даңғыл даналар,
Батыр бар ма большевикке барабар.
Алдарында басымызды иеміз,
Бақыт көшін бастап берген бабалар.

Қартаймандар, лениншілдер лектегі,
Нұр таймасын жанарадағы, беттегі.
Өмірлерің — өрендерге өнеге,
Өмірлерің — ерлік, күрес мектебі.

ҚЫРЫМЫЗДА ҚЫРМЫЗЫ ТУ ЖАЛТЫЛДАП

Кедей қазақ Октябрьді қарсылап,
Шапты сонда кең даланы шаршылап,
Құшты сонда жалбыр тонды жалшыны,
Қуанғаннан көздің жасы тамшылап.

Смольныйдан соқты, самал аңқылдал,
Қырымъызда қырмызы ту жалтылдал,
Топ алдында адымдады Эліби,
Сахарада Сәкен даусы саңқылдал.

Оқты көріп «Аврорадан» атылған,
Қазақ сонда таңды көзбен атырған.
Үйімізге үні жеткен Лениннің,
Азаттықтың аясына шақырған.